

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

2. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. X томдық. 7-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 307 б.
3. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. 48-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 384 б.
4. Ғ. Есім. Хакім Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
5. Оразғалиева Л. «Абай сөзінің сыры». Ғылыми-танымдық еңбек. – Семей: Кудайбергенов, 2024. – 350 б.

ӘОЖ 82.07

## Б. МАЙЛИН МЕН А. ЧЕХОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ САРКАЗМ

Ахметбекова Толкын Умирсериковна

[akhmetbekovatkyn@gmail.com](mailto:akhmetbekovatkyn@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» мамандығының I курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Ә. Үсен

Әдебиет ұшқыр қиял мен биік эстетикалық талғамның сөз өрнегінде біте қайнасуының нәтижесі болумен қатар, ғасырлар қойнауында жатқан тарихи-мәдени оқиғаларды бүкпесіз бейнелеп келеді. Әр дәуірдің шындығы мен сұмдығынан сыр шертіп, тұлғааралық қатынастардың айнасы ретінде өскелең ұрпаққа ой тастауымен ерекшеленеді. Әдебиеттің қомақты жүгін арқалап жүрген бірқатар ақын-жазушыларды әлеуметтік сипаттағы мәселелер көп толғандырды. Суреткерлік болмысы мен психологиялық жай-күйінің астан кестенін шығарғаны сонша – адамдардың шынайы бет-бейнесін мінеп-сынау мен эстетикалық үкім шығару кеңінен сипат алды. Нәтижесінде, рухани кемелдену деңгейі төмен кейіпкерлер кездесетін көркем шығармалар саны көбейе түсті.

Бейімбет Майлин – қазақ әдебиетіндегі реалистік бағыттың көрнекті өкілі. Поэзия, проза, драма жанрларында өнімді еңбек етіп, жас ұрпаққа тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды. Оның әйгілі «Шұғаның белгісі» повесі әйел құқықтары тақырыбын алғаш көтерген көркем туындылардың бірі болып, автордың есімін алты алаштың бәріне мәлім етті. Б. Майлиннің әңгімелері де жазушылық қызметінің жарқын үлгілері болып табылады. Кеңес дәуіріндегі еңбекші халықтың өмірінен хабар беретін таптырмас құралға айналып, сол кезеңнің картинасын жасауға көмегі мол. «Қара шелек», «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры», «Желдібай Жындыбаев», «Шарифат бұйрығы», т.б. әңгімелері қазақ әдебиетінің классикасына да айналып үлгерді. Бұндағы колхоздастыру науқанының сәтті орындалуына бар күш-жігерін жұмсаған адал жұмысшылармен қатар, тұрмыстағы бұндай өзгерістерге дайын емес немесе қарсылық білдіргендердің көркем образдары сәтті шықты. Әйел теңсіздігі, таптық бөлініс, ескі әдет-ғұрыптың канондары автордың көркем шындығында берік орнығып, авторлық ұстанымының қалыптасуына ықпал етті. «... Майлиннің прозасы да (поэзиясы мен драматургиясы тәрізді) негізінен ауыл өміріне, оны түбірімен өзгертіп, қайта жасамақ боп өңін айналдырып бара жатқан беймаза мезгіл мінезін бейнелеуге арналған», – деп академик З. Қабдолов оның көркем шығармаларындағы идеялық салмақты жоғары бағалап қана қоймай, реализм бағытын берік ұстанғанын нақтылайды [1, 34].

Б. Майлиннің әңгімелеріндегі оқиғалар колхоздастыру заманында орын алды. XX ғасырда Кеңес одағының бұндай саясаты қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігіне алпауыт өзгеріс әкелді. Жеке шаруа қожалықтары жойылып, ұжымдық колхоздарға біріктірілді. Бай мен кедейдің аражігі ажыратылып, қоғамның сипаты таптық бөлініспен анықталды. Бай деп танылғандардың мал-мүлкі тәркіленіп, кедей-кепшіктің аз малы да ортаға салынды. Сұрқия саясат халықты ашаршылыққа алып келіп, салдары ұзаққа созылған демографиялық дағдарыс үрдісінде көрініс

тапты. Осындай аумалы-төкпелі жылдарда халықтың экономикалық жағдайымен қатар, психологиясы да өзгергені белгілі. Әсіресе, жаңа заманның тезінен тұлғааралық қатынастарда қақтығыстар көбейгенін баса айтқан жөн [1, 20]. Б.Майлин қоғамда орын алған бұндай жағдайды әңгімелерінде шебер бейнелей білді. Ол айтылғандардың бәріне сыни көзбен қарады, яғни бірін күлкі етіп, екіншісін ащы мысқылмен әшкерелегенін байқауға болады.

Антон Чехов та өз заманының сыншысы есебінде жазушылық қызметін атқарды. Ол – орыс әдебиетінің әйгілі жазушысы, прозаик, драматург, қоғам қайраткері. Автордың шығармаларындағы оқиғалар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Ресей империясының аумағында орын алды. Б.Майлин секілді А.Чехов та әңгіме жанрының өркендеуіне орасан зор үлес қосты. Оның «Чиновниктің ажалы», «Жуан мен жіңішке», «Хамелеон», «Залым бала», «Хирургия», т.б. әңгімелері әлем әдебиетінің қатарында өзіне тиесілі орынды иемденді [2, 178]. Автордың әңгімелеріндегі трагедиялық оқиғалар күнделікті өмірдің бір бөлшегі ретінде көрініс табады. Барлық оқиғалар шытырман сипатта, ешкім ойламаған жерде болмай, адамның бір мезеттік жағдайдағы іс-әрекеті сыналмайды. Керісінше, әбден қалыптасып қалған өмірінің «қызығы мен шыжығына» үйренген қоғамның психологиясындағы қақтығыстар сөз болады. А.Чехов кейіпкерлердің көркем образын жасаған кезде, рухани дүниесі мен болмысына терең бойлағанын атап өту аса маңызды. Трагизм арқылы жазушы оқырманға ой тастайды, бойы мен ойын түзетуге үндейді [2, 178].

Кейіпкерлерінің сана-сезімі мен психологиялық жай-күйіне бойлаған А.Чехов та Б.Майлин секілді бірқатар әлеуметтік мәселелерге тоқталды. Әсіресе, екі жазушының әңгімелерінен тұлғааралық қатынастардағы әділетсіздіктердің небір формаларын кездестіруге болады. Олар – таптар арасындағы теңсіздік, тобырлық сана, экономикалық алшақтық, атаққұмарлық, мансапқорлық сияқты иерархиялық құрылымның бірліктері. Б.Майлин мен А.Чехов бір ортада туып, қызмет жолын бірге таңдаған жоқ, дегенмен, екі жазушының әңгімелерінен ортақ тақырыптық үндестікті байқауға болады.

Б.Майлин мен А.Чеховтың бірқатар әңгімелерінде атақ пен мансап – басты тақырыптардың бірі. Екі автор да атақ пен мансаптың адамға әсер ету мүмкіндігіне бойлап, адамның ішкі болмысын толық ақтарып шығады. Иерархиялық құрылымы берік орнаған қоғамда атақ пен мансап маңызды әлеуметтік құрылым екендігін екі жазушының әңгімелерінен көре аламыз. Бірінің мінез-құлығы мен адами қасиеттеріне өзгеріс алып келмеуі де мүмкін, ал басқа біреудің ішкі болмысының астан-кестенін шығарып, нағыз бет-бейнесін танытатын күш-қуатқа ие. Атақ пен мансаптың алдында құлдық ұратындар, өздеріне берілген билікті пайдаланып, қарапайым халықтың не мазасын алып, не асыра пайдаланатындар сияқтылардың көркем бейнелері Б.Майлин мен А.Чеховта сәтті шықты. Сол көркем бейнелерге қарап, атақ пен мансаптың қаншалықты тұлғааралық қатынастарды өзгертудегі рөлі қомақты екенін білуге болады [3, 43].

Атақ пен мансап мәселесін барынша ашатын Б.Майлиннің «Желдібай Жындыбаев», А.Чеховтың «Жуан мен жіңішке» әңгімелері бар. Екеуінде атақ пен мансап әртүрлі формада көрініс табады. Мысалы, Б.Майлиннің «Желдібай Жындыбаев» әңгімесіндегі басты кейіпкер – Кеңес одағы кезінде ел ішінде кең таралған шолақ белсенділердің типтік бейнесі. Оған партияның адамы ретінде «политический значениесі бар» науқанды жүзеге асыру үшін арнайы тапсырма беріледі, бірақ оның осы қызметті атқару үшін қажет біліктілігі төмен. Сонымен қатар, жұмысқа қатысы жоқ тілегін орындатқызу мақсатында лауазымын асыра пайдаланатыны да белгілі. Ал А.Чеховтың «Жуан мен жіңішке» әңгімесінде атақ пен мансап мәселесі басқа сипатта көрініс табады. Әңгіменің басты кейіпкерлері – Михаил («Жуан») мен Порфирий («Жіңішке»). Гимназияда бірге білім алған екеуі Николаевск вокзалында күтпеген жерден кездесіп қалады. Оқиға барысында Порфирийдің жоғары қызметте, ал Михаилдың одан лауазым бойынша төмен екендігі білінеді. Бұл ақпарат кейіпкерлердің көркем бейнесін ашуда маңызды рөл атқарады.

Атақ пен мансап – Желдібайдың бойындағы тұлғалық қасиеттерінің сапалық көрсеткішін анықтауда таптырмас құрал. Б.Майлин оның көркем бейнесін, нақтылап айтқанда, мінездеуде юморды ұтымды қолдана білді. Ең алдымен, жазушы Желдібайдың киім-кешегі оның қызметіне сай емес екендігін күлкі арқылы сипаттайды. *«Қара құлақшынды желкеге таман баса киген; арты тілік ескі қара пәлте делегейленіп, түйме біткені ағытылып кеткен»*, – деп Желдібайдың партиялыққа жарамайтындығын сұрықсыз киімінен бастайды [4, 179].

Желдібай – колхоздастыру науқаны кезінде саны көп, сапасы аз шолақ белсенділердің бірі. Ол өзіне берілген қызмет арқылы маңызы жоғары партияның адамы ретінде көрінгісі келеді, дегенмен халыққа тигізер түк пайдасы жоқ. Түптеп келгенде, өзі мүше болып кірген партияның саясатын жүзеге асыруда да мардымды еңбек етіп жүргені аз. Желдібайға берілген істі «өзінен басқа» ешкімнің орындауға біліктілігі мен құзыреттілігі жетіспейтіндігін Б.Майлин былайша юмор арқылы әшкерелейді: *«Менің командировкаға шыққаным жалғыз бұл емес, талай тығыз науқандарды да дүрілдетіп орындап шыққан көкеңмін...»* [4, 179].

Колхоздастырудың науқанымен ауылға барған Желдібай Жындыбаев партиялық қызметін атқармай отырып, аптыққан бойы ауылнайды іздеп барады. Көксеген мақсаты – тоңып келген денесін «бірдеме» арқылы жылыту. Ауылнай Желдібайдың не қалап тұрғанын түсінбей абдырап қалады. *«Ауылнай, бала жігіт қой, түсінбеді білем, аузын ашып тұрып қалды»*, – деп автор ауылнайдың аңғал реакциясын юмор арқылы суреттейді [4, 180]. Ақыр соңында, Желдібайға «көк мойынын» алдырту үшін он бес шақырым жердегі қалаға арнайы адам жіберілді. Партияның жұмысымен келген адамның қызметін атқармай отырып, ішімдік іздеп кетуі де Желдібайдың құр пайдасыз қызметкер екенін танытады.

А.Чехов юморды «Жуан мен Жіңішке» әңгімесінде Б.Майлин секілді жиі қолданбайды. Дегенмен, Михаил мен Порфирийдің әлеуметтік статустарындағы айырмашылықты көрсетуде юмордың кейбір элементтерін байқауға болады. *«Жуанның майлы ерні «піскен шиедей жылтырап тұрса»*, Жіңішке *«шамадандар, түйіншектер, қатырма қағаздарды арқалап алған»*, – деп екеуінің экономикалық жағдайын юморлық сипатпен жеткізеді [5, 21]. Кейін Порфирий досының атақ пен мансабын білген соң, мінез-құлығын бірден өзгертеді, яғни балалық шақта бірген өскен досымен емес, басшысымен сөйлесудің әдебін қолдана бастайды. Басында таныстырған әйелін қайта таныстыра бастайды: *«Мынау менің әйелім Луиза, шыққан тегі Ванценбах... Лютеранка»* [5, 22]. Бұл көрініс абсурдқа да жақын, өйткені Михаил оны тіпті сұрамаған еді.

Сонымен қатар, екі автор әңгімелеріндегі кейіпкерлердің көркем бейнесін жасауда сарказмды қолданады. Олар рухани кемелденуден безіп, атақ пен мансап алдында құлдық ұрғандарды сынайды, әшкерелейді. Мысалы, Б.Майлиннің басты кейіпкерге «Желдібай Жындыбаев» деген ат беруінің астарында да сарказм бар. «Товарыш Жындыбаев» атағы арқылы оның сырттай ғана маңызды белсенді секілді көрінгенмен, анық-қанығында ақымақ, біліксіз екенін көрсетеді. Желдібайдың бойында ерекше білінетін қасиет – тәкаппарлық. Өзін танымаған адамдарға таңдана қарап: *«Мен Жындыбаевпын! Мына елдің баласына шейін біледі»*, – дейді [4, 180]. Дегенмен, ел оны партияның білікті маманы емес, жынды ретінде ғана таниды.

Ал А.Чеховтың кейіпкерлерді «жуан» мен «жіңішке» деп атауында юмор жоқ. Бұнда таптар арасындағы теңсіздік қана емес, сонымен қатар атақ пен мансаптың қаншалықты адам рухын күйрете алатын күші жасырылған. Автор «жуан» мен «жіңішке» арқылы адамдардың физикалық қалыбын суреттеп отырған жоқ, себебі екеуінің дене-бітімі жайлы ақпарат оқырманға белгісіз. Мағынаның ауысуына жоғарыда айтылған мәселелер ықпал еткені анық. Екеуінде де символдық мағына бар. Ең алдымен, тақырыптағы «жуан» байлықтың, ал «жіңішке» – кедейліктің символы. Мысалы: *«Жуан жаңа ғана вокзалдан тамақтанып шыққан еді, сондықтан оның май тиген еріндері піскен шиедей жылтырап тұрған. Одан херес пен флердоранж иісі шығады»*, – деп автор жоғары тапқа жататын «Жуанға» тоқталады [5, 21]. Ал «Жіңішкенің»

материалдық жағдайы бұрынғы сыныптасынан өзгешеленеді. *«Жіңішке жаңа ғана вагоннан шыққандықтан үстіне шамадандар, түйіншектер, қатырма қағаздар арқалап алған еді. Одан ветчина мен кофе тұнбасының иісі шығады»*, – деп суреттейді [5, 21]. Осылайша, автор контраст арқылы екеуінің материалдық жағдайынан хабар беріп, әдебиетте бұрыннан қалыптасқан символдық мағынаны түсіндіреді. Дегенмен, «жуанның» шені жоғары болса да, бойында тәкаппарлық қасиеті білінбейді. Көптен бері көрмеген досын шын қуанышпен қарсы алады. Ал оның досы «жуанның» лауазымын білген соң, атақ пен мансап алдында құлдық ұра бастайды. Сонда «жіңішке» деп автордың атауы оның руханиятының азғандығын, әбден жұтағандығының белгісі екенін көруге болады.

Б.Майлин «Товарыш Жындыбаевтың» барған ауылында мәжіліс ашып, сөз сөйлегенін қатаң сынға алады. «Политический значение бар» науқанды орындау үшін жіберілген белсенді атақ пен мансабын пайдаланып, халықтың мазасын ала бастайды. Ақыр соңында, ішіп алған күйінде дүйім жұрттың алдына шығуға да ұялмады. Жұрттың осы мәжілістегі Желдібайдың баяндамасынан кейін: *«Жындыбаев десе, Жындыбаев екен!»*, – деп оның расында жынды адамдай әрекет ететінін әжуалап тұр [4, 183].

Желдібайдың жүргізген науқанынан кейін, газеттегі хабар мен халықтың бұған реакциясын автор сарказм арқылы жеткізеді. *«...Бірер ай өткеннен кейін гүбірнелік газетте Жындыбаев туралы хабар басылып шықты. Ел ішіне шыққандағы істегей жолсыздықтары теріліп сотқа беріліпті, түрмеге жабылыпты!»* [4, 183]. Бұл оның әділетті жазасын алғанын білдіреді. Жұрттың *«Бәсе, солай болса керек, орнын жаңа тапқан екен!..»* деуі – оның басынан бастап-ақ ақымақтығы пен сұрқия әрекеттері түбі жақсылыққа апармайтынын меңзейді [4, 183].

А.Чеховтың «Жуан мен жіңішке» әңгімесінде де сарказм қолданылған. Мақсаты – атақ пен мансаптың лауазымы төмен адамдардың рухын күйрете алатын күш-қуатын көрсету. «Жуан» – бұл денелі ғана емес, өзіне сенімді, арқасын тік ұстайтын жоғары лауазымды шенеунік. Ол қоғамның әлеуметтік теңсіздік сипатындағы салмағынан тәуелсіз. Ол көптен бері көрмеген досын кездестіріп қалғанда, шынайы қуанышқа бөленеді. Бұны Михаилдың мына сөзінен байқай аламыз: *«Порфирий! Сенбісің? Жарқыным-ау! Көріспегелі қанша заман! — деп дауыстан жіберді»* [5, 22]. Жіңішке немесе Порфирий – ұсақ денелі ғана емес, қоғамның әлсіз, шеннің маңызын тым биіктетін, (керек болса) шен үшін өзін қорлай алатын, қорлықтан именбейтін адам. Осылайша, автор сарказмды атақ пен мансап сияқты конструкциялардың сұрқия бейнесі мен адамдардың бұған бас иетін ықпалын баяндайды.

*«Құдай-ау! – деп таңырқады жіңішке. – Миша! Бала жастан бірге өскен досым!»* – деп Жіңішке көптен бері көрмеген досын алғаш кездірген кезде, қуанышын қойнына жасыра алмайды [5, 22]. Дегенмен, Жуанның шенін білген соң, мінез-құлқы түбегейлі өзгергенін байқауға болады. *«Мен, жоғары мәртебелім... Жақсы болғаны-ай! Былайынша айтқанда, балалық шақтағы досым десем болады ғой, міне, енді аяқ астынан ұлы дәрежеге ие боп шыққан! Хи-хи»*, – деп, досын құлдық ұрып мақтай бастайды [5, 23]. А.Чехов осылайша адамдардың атақ пен мансап алдындағы жалтақтығын көрсетеді. Достық шынайы сезімге емес, әлеуметтік жағдайға тәуелді болып өзгергені анық көрініс табады. Досының шені өзінен жоғары екенін білген Жіңішкенің сырт келбеті да дереу басқа қалыпқа түседі. *«Жіңішке кенет бозарып кетіп, сілейіп қалды», «Өзі кіржейіп, бүкірейіп, құнысып кетті»*, – деп Жіңішкенің атақ пен мансап алдындағы әлсіздігін танытады [5, 23]. *«... сіздің рахымды назарыңыз... бейнебір тірлік нәрі ғой»*, – деп автор Жіңішкенің бастықтың назарын табиғатқа теңеп, құлдық сананы ащы мысқылмен әшкерелейді [5, 23-24]. А.Чехов қоштасу сәтіндегі жағымпаздықты да сарказм арқылы қатаң сынға алады. *«Жіңішке оның үш саусағын қысып, бүкіл кеудесімен иіле «хи-хи-хи» деп қиқылдаған қытай тәрізді күлді. Әйелі жымыды. Нафанаил аяғын тарп еткізіп қаздырып тұра қалғанда, фуражкасын түсіріп алды»*, – деп автор адамдардың атақ пен мансап алдында рухани құлдырауын көрсетеді [5, 24].

Осылайша, атақ пен мансаптың алдында құлдық ұратындар қоғамның кесірі мен кесапатына айналғанын Б.Майлиннің «Желдібай Жындыбаев» пен А.Чеховтың «Жуан мен жіңішке» әңгімесінен көруге мүмкіндік бар. Екі жазушы да кейіпкерлердің мінез-құлқындағы, іс-әрекеттеріндегі, сөйлеу әдебіндегі өзгерістерді күлкі етіп қана қоймай, қатаң сынға алып, эстетикалық үкім шығарады. Юмор мен сарказмды шебер қолдана отырып, атақ пен мансаптың тұлғааралық қатынастарды өзгерте алатын ықпалын мөлшерлеп беруі – екі әңгіменің идеялық салмағының жоғары екендігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, Б.Майлиннің «Желдібай Жындыбаев» пен А.Чеховтың «Жуан мен жіңішке» әңгімелерінде атақ пен мансап мәселесі жан-жақты қозғалып, адамдардың руханиятына тигізер зияны жан-жақты баяндалады. Екі жазушы иерархиялық қоғамда кеңінен көрініс табатын тақырыпқа бойлап қана қоймай, адам психологиясының әлсіз тұстарын юмор мен сарказм арқылы шебер сипаттаған. Мақалада талданған әңгімелер атақ пен мансаптың адам тағдырына қалай әсер ететінін, жеке тұлғаның рухани дағдарыстарын көркем бейнелейді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы, – Алматы: «Қазығұрт». – 2004. Екінші том: Әңгімелер. Поэмалар. – 456 бет.
2. Шагбанова, Х. С. (2024). Жанровое разнообразие творчества А. П. Чехова и его видение реальности. *Litera*, 3, 176-179.
3. Логвинова Т.В. (2016). К вопросу о природе феномена чинопочитания. Ученые записки Тамбовского отделения РoCМУ, (5), 41-45.
4. Малин Б. Шұғаның белгісі: Хикаят, әңгімелер. – Алматы: Раритет, 2006. – 256 бет.
5. Чехов А. Жуан мен Жіңішке. Әңгімелер. – Астана: Аударма, 2011. – 344 бет.

ӘОЖ 17.09.1

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МИСТИКА ЖАНРЫ

**Байдуллаева Жанат Қайратовна**

[Zhanat.baidullaeva@mail.ru](mailto:Zhanat.baidullaeva@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс магистранты  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., проф. Қ.М.Байтанасова

Мистика жанрының әдебиетте қалыптасып, даму тарихы ұзақ әрі күрделі үдеріс болып табылады. Қазақ фольклорындағы мифтер, ертегілер сынды жанрларда мистикалық элементтер бұрыннан кездеседі, яғни бұл адамзат баласының сол кезден тылсым дүниелерге деген қызығушылығы болғанын көрсетеді. Ғылым мен технологияның дамыған дәуірінде де бұл қызығушылық жоғалған жоқ, керісінше, жанр түрлерін жаңа қырларымен байытып, басқа жанрлармен тоғыстыра түсті. Мәселен, мистика бірде фантастикалық шығармалармен шектесе, енді бірде еуропалық готикалық әдебиеттің ықпалымен ерекше тәжірибелерге ұласты.

Қазақ әдебиетінде мистика жанры салыстырмалы түрде кеш дамыды. ХХ ғасырдың басында алғашқы үлгілері пайда болғанымен, кеңестік кезеңде бұл бағыт көп қолдау таппады. Кейіннен тәуелсіздік жылдарында әдебиетке жаңа ағымдар мен жанрлар келіп, мистика қарқынды дами бастады.

Гносеологиялық тұрғыдан алғанда, мистика – адамның абсолютті шындықты, яғни ең жоғарғы ақиқатты тануға деген ұмтылысы. Бұл үдеріс арқылы адам дүниенің терең мәнін және оның трансценденттік, яғни шынайы әлемнен тысқары құбылыстармен тығыз байланысын